

"Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-Қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті төрағасының 2011 жылғы 31 тамыздағы № 31-П қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 12 қыркүйекте № 7184 тіркелді. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қарашадағы № 16-НҚ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 30.11.2015 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережелерінің 39-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 17-Қ қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6371 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» 2010 жылғы 24 тамыздағы № 342-343 (26186) газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына бағалау жүргізу ережесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Аумақтарды дамыту бағдарламаларының және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) стратегиялық жоспарларының іске асырылуын бағалауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары (бұдан әрі - тексеру комиссиясы) өздерінің жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізетін бақылау іс-шаралары шеңберінде жүзеге асырады.»;

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Бақылау іс-шарасының қорытындысы бойынша бақылау актісі жасалады.»

мынадай мазмұндағы 37-1-тармақпен толықтырылсын:

«37-1. Есеп комитетінің және тексеру комиссиясының мемлекеттік бағдарламаның, аумақтарды дамыту бағдарламасының, сондай-ақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуына жүргізген бағалауының қорытындысы осы Ережеге 1, 2-қосымшаларға сай нысандар бойынша ресімделеді.»;

осы қаулыға 1, 2-қосымшаларға сәйкес тиісінше 1, 2-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Аппарат басшысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы қаулының мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

О. Өксікбаев

Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитетінің
2011 жылғы 31 тамыздағы № 31-П
қаулысына 1-қосымша

Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық
мемлекеттік органдардың стратегиялық
жоспарларына, аумақтарды дамыту
бағдарламаларына және жергілікті
бюджеттен қаржыландырылатын
атқарушы органдардың стратегиялық

_____ (мемлекеттік бағдарламаның атауы)

**мемлекеттік бағдарламаның/аумақты дамыту бағдарламасының
іске асырылу барысы туралы есепті ақпараттың нысаны**

Деректемелер _____

Әзірлеуші мемлекеттік орган _____

Есепті кезең _____

Іске асырылу кезеңі _____

1. Мақсаттарға қол жеткізу

Атауы	Өлшем бірлігі	20__ жылғы жоспар	Іс жүзінде	Орындалуы туралы ақпарат, орындалмаған жағдайда себептерін көрсету
1	2	3	4	5
Негізгі бағыт				
Мақсаты				
Нысаналы индикатор				
Нәтиже көрсеткіші				
.....				

2. Іс-шаралардың орындалуы

№	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Орындалуы туралы ақпарат, орындалмаған жағдайда себептерін көрсету
1	2	3	4	5	6

3. Қаражаттың игерілуі

Қаржыландыру көзі	Жоспар, мың теңге	Іс жүзінде, мың теңге	Пайдаланылмау себептері
1	2	3	4
1-көзі			
2-көзі			
...			
Барлығы			

4. Мемлекеттік бағдарламаның/аумақты дамыту бағдарламасының іске асырылу тиімділігін талдау
Қаражаттың нысаналы пайдаланылуын талдау;
Іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін, соның ішінде көрсеткіштер мен индикаторларға қол жеткізу бойынша бағалау.

5. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері:

Бағдарламалық құжатты іске асыру кезінде бюджет және өзге де заңнаманы бұза отырып бюджет қаражатын пайдаланудың фактілері бойынша қолданылған ш а р а л а р ;

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (тексеру комиссияларының) актілерін әзірлеуші мемлекеттік органның (орындаушының) қарау нәтижелері.

6. Бағдарламалық құжаттың іске асырылуын жалпы бағалау (қорытынды) және ұсыныстар.

Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитетінің
2011 жылғы 31 тамыздағы № 31-П
қаулысына 2-қосымша
Мемлекеттік бағдарламаларға, орталық
мемлекеттік органдардың стратегиялық
жоспарларына, аумақтарды дамыту
бағдарламаларына және жергілікті
бюджеттен қаржыландырылатын
атқарушы органдардың стратегиялық
жоспарларына бағалау жүргізу ережесіне
2-қосымша

_____ (әзірлеуші мемлекеттік органның атауы)

мемлекеттік органның

20 _____ жылғы « _____ » _____ № _____

_____ (мемлекеттік органның стратегиялық жоспары
бекітілген құқықтық не нормативтік құқықтық
актінің атауы) бекітілген

_____ жылдарға арналған

(жоспарлы кезең)

**стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы
есепті ақпараттың нысаны**

Есеп кезеңі: _____

1. Мақсаттарға, міндеттерге, нысаналы индикаторларға, іс-шараларға және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу

1 - стратегиялық

бағыт.

1.1-мақсат.

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның кодтары _____

Қол жеткізудің түпкілікті мерзімі (кезеңі) көрсетілген нысаналы индикатордың, міндеттердің және тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің атауы	Ақпарат көзі	Өлш. бірлігі	Есепті кезең		Қол жеткізбеу себептері
			Жоспар	Іс жүзінде	
1	2	3	4	5	6
Нысаналы индикаторлар					
....					
Міндеттер					
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері					
...					
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					
....					

Бюджеттік бағдарламаларды талдау

Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштері	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Нәтижелерге қол жеткізбеу/ бюджет қаражатын игермеу себептері
			Жоспар	Іс жүзінде	
1	2	3	4	5	6
бюджеттік бағдарламаның атауы					
сипаттамасы					
бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына қарай				
	іске асыру тәсіліне қарай				
	ағымдағы/даму				
бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы					
тікелей нәтиже көрсеткіштері					
түпкілікті нәтиже көрсеткіштері					
сапа көрсеткіштері					

тиімділік көрсеткіштері						
Бюджет шығыстарының көлемі	барлығы, бағдарлама бойынша		мың. тг.			
	оның ішінде: кіші бағдарлама бойынша		мың тг.			
	кіші бағдарлама бойынша		мың тг.			

3. Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу тиімділігін талдау/
Қаражаттың нысаналы пайдаланылуын талдау;
Іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін, соның ішінде көрсеткіштер мен индикаторларға қол жеткізу бойынша бағалау.

4. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері:
стратегиялық құжатты іске асыру кезінде бюджет және өзге де заңнаманы бұза отырып бюджет қаражатын пайдаланудың фактілері бойынша қолданылған шаралар ;

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің (тексеру комиссияларының) актілерін әзірлеуші мемлекеттік органның (орындаушының) қарау нәтижелері.

5. Стратегиялық құжаттың іске асырылуын жалпы бағалау (қорытынды) және ұсыныстар